



Жаңа энергоорталық ашылады



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қазақстан Республикасының энергетика вице-министрі Бақытжан Ілияспен кездесу өткізді.

Жүздесуде жоғары оқу орнының ғылыми-білім беру әлеуетін тиімді пайдалана отырып, энергетика саласына қажетті білікті кадрларды даярлау және заманауи технологияларды дамыту мәселесі қарастырылды.

Атап айтқанда қос тарап оқу ордасының базасында энергетика саласындағы салалық технологиялық құзырет орталығын құру бойынша мәселені талқылап, жұмыс жоспарын бекітті.

Орталықтың мақсаты – Қазақстанның отын-энергетика кешенін цифрлық, инновациялық және озық технологияларды енгізу арқылы заманауи деңгейде

дамыту, энергетика саласындағы ғылыми зерттеулерді қолдау және білікті кадрлар даярлау. Орталық ғылыми зерттеулер мен пилоттық жобаларды қолдап, жаңартылатын энергия көздері, көмірсутектерді өндіру мен тасымалдау, электр және жылу энергетикасы сияқты бағыттарда технологиялық шешімдерді енгізуге атсалысады.

Салалық технологиялық құзырет орталығы ҚазҰУ базасында ҚР Энергетика министрлігінің қолдауымен құрылады.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ



ЖИ жобаларына басымдық беріледі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев білім беру саласындағы білікті сарапшы, EdCrunch Academy негізін қалаушы Нұрлан Қиясовпен кездесті.

Тараптар жасанды интеллект және цифрлық технологиялар саласында бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективаларын талқылады. Атап айтқанда білім беру үдерісіне жасанды интеллектті енгізу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар ҚазҰУ базасындағы суперкомпьютердің техникалық мүмкіндіктерін кеңейту, оны ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобаларда тиімді

пайдалану бағыттары қарастырылды. Аталған бастамалар жасанды интеллект, үлкен деректерді өңдеу және жоғары өнімді есептеулер саласындағы зерттеулердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Жансейіт Түймебаев құрметті қонаққа университеттік суперкомпьютердің мүмкіндіктерін таныстырып, қай бағытта қолданылатынын түсіндірді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Оқу корпустарының шатырына күн панельдері орнатылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі бірқатар оқу корпустарының шатырына күн панельдері орнатылды.

Атап айтқанда Экономика және бизнес жоғары мектебі, журналистика, заң, тарих, география, биология, филология және медицина факультеттерінің ғимараттары күн панельдерімен жабдықталды.

Аталған жоба энергияны үнемдеуге және электр қуатына кететін шығынды айтарлықтай азайтуға септігін тигізеді.



Энергия өндіру станциясы келісім шеңберінде Қытай тарапымен бірлесіп 20 мың шаршы метр аумаққа салынды. Жоба іске қосылғаннан кейін оқу орда-

сының электр энергиясына деген қажеттілігінің бір бөлігі баламалы көздер арқылы қамтамасыз етілетін болады. Бұл студенттер мен қызметкерлерге тұрақты,



экологиялық таза энергияны пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар университеттің инновациялық имиджін нығайтады.

Болашақта жоспарға сәйкес, ҚазҰУ қалашығындағы барлық факультеттер мен жатақханалар күн панельдерімен қамтамасыз етіледі. Бұған қосымша, қалашықтағы оқу корпустары мен әкімшілік ғимараттарының, студенттер үйінің, ғылыми орталықтардың шатырлары толық жаңартылуда. Шатырдағы ескі жабындылар алынып, тегістеу жұмыстары жүргізілді. Кейін қара қағаз төселіп, суағар жүйесі орнатылды. Аталған шаралар нысанның ұзақ мерзімге қызмет етуін қамтамасыз ету бағытында атқарылуда.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

3-бет

Нақты
үлес
қосу
маңызды



4-бет

Зерттеу
орталықтары
зерделі білім
алушыларға
қызмет етеді



7-бет

Халықтық
педагогикалық
мұраларды
жаңғыртты



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» атты кең көлемді сұхбаты еліміздің алдағы жылдарға арналған стратегиялық бағдарын айқындап, басқарудың жаңа мәдениеті мен қоғамдық келісімнің жаңарған моделін ұсынған саяси манифест ретінде көрінді.

Мемлекет басшысы сөз басын ақпараттық кеңістіктегі жауапкершілік және ағартушылық миссиядан бастап, цифрлық дәуірдегі газет-журналдардың рөліне тоқталады. Баспасөзге азаматтық ойды тереңдететін, өзекті жайттарды салмақты талдайтын маңызды зияткерлік алаң ретінде баға береді. Алыпқашпасы көп ақпараттық дүрбелең жағдайында ой сүзгісінен өткен сараптамалық дүниелердің маңызына назар аударады. Әлеуметтік желілердің ықпалы күшейген кезеңде газет-журналдардың негізгі міндеті ақпарат жеткізумен ғана шектелмей, ұлттық сананы қалыптастыруға қызмет ету екені нақты жеткізілген. Бұл – бұқара арасында ақпаратты саналы қабылдау мәдениетін орнықтырып, мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздікке басымдық беріп отырғанын көрсететін қадам. Ақпараттық қауіпсіздіктің өзегі жалған ақпаратқа қарсы әрекеттен гөрі, әлеуметтік ортада сыни ойлау мәдениетін қалыптастыруда жатыр. Осы тұрғыдан алғанда, Президенттің пікірлері мемлекет пен көпшілік арасындағы интеллектуалдық байланысты күшейтуді көздегенін байқай аламыз.

Қасым-Жомарт Кемелұлы тұжырымдамалық бағдарламада экономикалық өсім көрсеткіштеріне де басымдық беріп, оларды әлеуметтің әл-ауқатын арттырумен өзара сабақтастықта қарастыруды ұсынады. Экономиканың 6 пайыздан астам өсімі, жалпы ішкі өнім көлемінің 300 млрд доллардан асуы сөзсіз жетістік. Мемлекет басшысы бұл сандарға тоқмейілсуге болмайтынын ашық айтты. Инфляция, тұтынушылық шығындардың өсуі, тұрғын үй мен коммуналдық қызметтердің қымбаттауы әлеуметтік көңіл күйге әсер ететіні анық. Президент аталмыш түйткілдерді жасырмай айтып, басқаруда реалистік көзқарасын көрсетті.

Осы ретте жұртшылық арасында қызу талқыланды салық реформасы алдыңғы қатарға шығады. Мемлекет басшысы жаңа реформаны бюджет кірісін арттырумен қатар, жаңа экономикалық мәдениетті қалыптастыру құралы деп түсіндірді. Экономикалық мінез-құлықты өзгертуге арналған ортақ келісім ретінде сипаттап, салық төлеуді отаншылдықтың бір көрінісіне айналдыру идеясын ұсынды. «Кәсіпкерлік еркіндік пен әлеуметтік жауапкершілік тең жүруі тиіс» деген қағида алға тартылды. Салықтан жалтару заңбұзушылықпен бірге, өзара келісімді әлсірететін фактор екені нақты айтылды. Ал адал салық төлеу



www.aktorda.kz

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры

Жауапты мемлекет арқылы саналы қоғам қалыптасады

мемлекеттің дамуына қосылған тікелей үлес болмақ.

Мақаладағы тариф саясатына қатысты ойлары да көңілге қонымды. Арзан тарифтердің шын мәнінде ауқатты топтарға жұмыс істеп келгені ащы да болса шындық. «Көбірек тұтынған – көбірек төлейді» қағидаты әлеуметтік әділдікке негізделген. Ал әлеуметтік осал топтарды қолдау жалпылама жеңілдіктер арқылы емес, нақты әрі атаулы көмек арқылы жүзеге асуы керек. Жалпы, энергетика, жылу жүйелері, су және электр желілерінің тозуы дәл бүгінгі күні пайда болған жоқ. Маңыздысы – қазіргі билік өткен қателіктерді мойындап қана қоймай, оларды түзетуге нақты қадамдар жасап келеді.

Заңсыз активтерді қайтару саяси науқан емес, мемлекеттік принцип екені де толық көрінді. Мұндай қадамдар қоғамдағы әділдік сезімін қалпына келтірумен қатар, мемлекеттің беделін де арттырады. Қайтару барысын саяси шоуға айналдырмай, оның нақты нәтижесін мектептер, ауруханалар, инфрақұрылым нысандары арқылы көрсетіп отыр.

Президенттің жасанды интеллект пен цифрлық технологияларға басымдық беруі – жаһандық трендтермен үндес шешім. Заманауи беталыс бәсекеге қабілетті мемлекет болып қалудың шарты ретінде қарастырылды.

Supercomputer жобалары, AI-Sana бағдарламасы мен цифрлық университеттерді дамыту бастамалары Қазақстанның адами капиталға жүйелі әрі ұзақ мерзімді инвестиция салып отырғанын айғақтайды. Тың үдерісте

Заңсыз активтерді қайтару саяси науқан емес, мемлекеттік принцип екені де толық көрінді. Мұндай қадамдар қоғамдағы әділдік сезімін қалпына келтірумен қатар, мемлекеттің беделін де арттырады. Қайтару барысын саяси шоуға айналдырмай, оның нақты нәтижесін мектептер, ауруханалар, инфрақұрылым нысандары арқылы көрсетіп отыр.

технологияны жай тұтынудан гөрі, оны жасай алатын кәсіби кадрлар даярлауға басты басымдық берілуде.

ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Ел туризмі соңғы жылдары жаңа серпін ала бастағаны анық. Мемлекет басшысының бұл салаға тікелей назар аударып, Үкіметке нақты ескерту жасауы орынды. Қазақстанның табиғи мүмкіндіктері жағынан бәсекелесі аз. Тау, дала, көл, шөлейт аймақтар, экотуризмге сұраныс артып отырған уақытта бұл орасан артықшылық. Мәселе сол байлықты тиімді әрі ұқыпты пайдалана білуде. Қонақжайлық қызметте жалқаулыққа, ашкөздікке және дөрекілікке жол жоқ екені орынды айтылған. Саяхатшыларға қызмет көрсету мәдениеті ел туралы алғашқы әрі ең есте қалар әсер. Бұл жерде таяқтың бір ұшы кәсіби біліктілікке тіреледі. Саяхат индустриясына шынайы отаншыл, өз ісіне жантәнімен берілген мамандар керек.

Экотуризмді дамытуға кедергі келтіріп отырған жайттардың бірі ретінде кейбір «эко-белсенділердің» әрекеті сынға алынды. Бұл жерде маңызды шекараны ажырата білу қажет: табиғатты қорғау мен кез келген дамуға қарсы шығып, аяқтан тарту бір ұғым емес. Туризм мен табиғатты қорғау бір-біріне қарсы емес, керісінше, бірін-бірі толықтыратын қағидалар болса, игі.

Қонақжайлықты дамыту – ел имиджін нығайту, өңірлерді өркендету және ұлттық экономиканы әртараптандырудың орынды тетігі екені ұмытылмауға тиіс.

АҚИҚАТҚА СҮЙЕНГЕН ТАРИХИ САНА

Бүгінгі күнгі Қазақстан үшін ең өзекті мәселе – ұлттық сананың бағыты мен даму бағдарын айқындау. Тарихқа көзқарас, отаншылдық ұғымы, идеологияның рөлі, жастардың дүниетанымы және мемлекеттің стратегиялық таңдауы өзара тығыз байланыста қамтылуы қажет. Дәйек-деректерді бұрмалап, нақты құжаттармен дәлелденбеген адамдарды шамадан тыс дәріп-

теу ұлттық сананың дамуынан гөрі, керісінше, оның әлсіреуіне алып келеді. Мұндай үрдіс ел ішінде жалған түсінік қалыптастырып, өткенге деген шынайы көзқарасты көмескілейді. Тарихты талқылауға қызығушылықты пайдаланып ойдан шығарылған деректерді тарату, өткенге қатысты жауапкершілікті өзге жұртқа арта салу – мемлекетшіл санаға қайшы әрекет. Тарих жұртты бір-біріне қарсы қоятын құрал емес, керісінше, ұлтты ұйыстыратын, ортақ құндылыққа айналатын негіз болуы керек.

Осы тұста Абай ілімі ерекше мәнге ие. Ұлы ойшыл қоғамдағы кемшіліктерді жасырмай айтып, жеке адамнан бастап, тұтас ұлттың кемелдену жолын көрсетті. Оның «Толық адам» тұжырымы осы мезеттегі саналы орта қалыптастыру идеясымен толық үндес. Абай еңбекқорлықты, білімділікті және адамгершілікті ұлт дамуының басты тірегі деп білді. Сондықтан Абайдың «Қара сөздері» бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Сұхбаттағы ең құнды тұжырымдардың бірі – Президент ұсынған патриотизм. Нағыз отаншылдық – ұран емес, адал еңбек, кәсіби парыз, айналаңа нақты пайда келтіру.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ БАҒДАР

Тәуелсіздіктің 35 жылы – тарихи өлшеммен қысқа мерзім болғанымен, мемлекет қалыптастыру үшін аса күрделі кезең. Осы жылдарда Қазақстан елеулі жетістіктерге жетіп, халықаралық аренада беделді мемлекетке айналды. Әрине, қателіктер де болды, бірақ олар даму жолындағы табиғи құбылыс. Алдағы жылдар – жаңа сын-қатерлер мен үлкен мүмкіндіктер уақыты. Жастардың талапшылдығы мен жоғары азаматтық санасы ел болашағының басты кепілі. Бірақ арман мен эмоцияға берілмей, нақты өмірге бейімделу, еңбекқорлық пен тәртіпті басты құндылық ету – уақыт талабы.

Сонымен қатар «Таза Қазақстан» бастамасы идеологиялық тұрғыдан ерекше маңызға ие. Тазалық – тек экологиялық ұғым емес, ол рухани, моральдық тазалықтың символы. Уенешілдік, қайырымдылық пен еріктілік мәдениеті саналы адамның басты белгілері. Біріккен Ұлттар Ұйымының 2026 жылды «Халықаралық еріктілер жылы» деп жариялауы осы бастаманың жаһандық деңгейде мойындалғанын көрсетеді.

Жауапты мемлекет пен саналы қоғам – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы құндылықтарды берік ұстанғандар ғана өткеннен тағылым алып, болашаққа сеніммен қадам баса алады.

Қорыта айтқанда, келелі сұхбат Қазақстанның дамуындағы жаңа белесінің идеологиялық негізін айқындады. Бұл бетбұрыстың басты шешімі – шындықты мойындау, жауапкершілікті бөлісу, реформадан қорықпау. Президенттің басты ұстанымы: популизм емес – нәтиже, иллюзия емес – шындық, уәде емес – жауапты міндет. Қазақстан алда күрделі, бірақ мағыналы жолдан өтпек. Алайда бұл жол тоқырауды емес – дамуды, иллюзияны емес – шынайылықты таңдауға жетелейді. Ендігі басты мәселе – осы реформалардың көпшілік тарапынан дұрыс түсініліп, орындалуының ортақ борышқа айналуы. Мемлекет басшысы атап өткендей, бір орында тұрып қалуға біздің тарихи мүмкіндігіміз де, моральдық құқығымыз да жоқ.

Нақты үлес қосу маңызды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» деген тақырыппен халықаралық «Түркістан» газетіне берген сұхбатында еліміздің алдағы дамуына байланысты жүйелі, стратегиялық бағдар айқын көрініс тапты.

Аталған сұхбат жекелеген реформаларды сипаттайтын құжат ғана емес, мемлекетті басқарудың жаңа философиясын ұсынатын тұжырымдамалық еңбек. Онда әділеттілік, заңның үстемдігі, жауапты билік және азаматтардың құқығы мен бос-

тандығын қорғау мемлекеттің негізгі тірегі ретінде көрсетілді. Құқықтық ғылым тұрғысынан алғанда мақалада мынадай маңызды бағыттарға ерекше мән берілді:

- конституциялық қағидаттарды нақты іске асыру және құқық үстемдігін қамтамасыз ету;
- билік тармақтары арасындағы теңе-теңдік пен тежемелік жүйені нығайту;
- қоғамдық диалогты мемлекеттік шешім қабылдаудың ажырамас элементіне айналдыру;
- сот жүйесінің тәуелсіздігін арттыру және азаматтардың құқығын тиімді қорғау тетіктерін жетілдіру.

Президент ұсынған жаңғыру моделі саяси реформаларды әлеуметтік-экономикалық даму процесімен тығыз байланысты-

рады. Цифрландыру, жасанды интеллекті енгізу, инфрақұрылымды дамыту, адами капиталды күшейту – барлығы құқықтық мемлекет пен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Алға қойылған міндеттерді іске асыру ғылыми қауымдастықтың, жоғары оқу орындарының және заңгер-практиктердің белсенді қатысуын талап етеді. Университеттер мен ғылыми мектептердің миссиясы – жаңа көзқарастағы, жоғары құқықтық мәдениетке ие мамандарды даярлау арқылы жаңғыруға нақты үлес қосу.

Ақмарал СМАНОВА, Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының ассистент профессоры



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Түркістан» басылымына берген сұхбатында экономикалық мәселелерге баса назар аударған. Қазақстанның көлік-логистика саласын ел дамуының стратегиялық өзегіне айналдыруға бағытталған ұзақ мерзімді әрі прагматикалық көзқарас анық аңғарылады.

«Орта дәліздің» мүмкіндіктері

Тенізге тікелей шығатын жолы жоқ ел үшін транзиттік әлеуетті тиімді пайдалану – экономикалық өсудің, геосаяси ықпалдың және ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Қазақстанның Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасуы – табиғи артықшылық ғана емес, оны жүйелі саясат пен нақты жобалар арқылы іске асыруды талап ететін мүмкіндік.

Сұхбатта аталған «Достық – Мойынты» теміржол магистралі мен болашақтағы жаңа желілер елдің көлік инфрақұрылымын сапалық жаңа деңгейге көтереді. Бұл жобалар Қытай мен Еуропа арасындағы жүк тасымалын еселеп арттырып қана қоймай, Қазақстанның транзиттік табысын ұлғайтуға, өңірлердің экономикалық дамуына серпін беруге мүмкіндік береді. «Орталық – Батыс» күре жолының құрылысы ел ішіндегі логистикалық байланысты нығайтып, аумақтық теңсіздікті азайтуға ықпал етеді.

Сонымен бірге Президент көлік-логистика саласының геосаяси маңызын ерекше атап өтті. Қазіргі таңда көлік дәліздері халықаралық бәсекенің және саяси келіссөздердің маңызды нысанына айналды. Қазақстанның «Бір белдеу – бір жол», «Солтүстік – Оңтүстік» және «Орта дәліз» жобаларына белсенді қатысуы елдің халықаралық беделін арттырып, сыртқы экономикалық байланыстарын әртараптандырады.

Жалпы, бұл сала тек инфрақұрылыммен шектелмей, цифрландыруды, сервистік сапаны және басқару тиімділігін талап етеді. Президенттің пікірі Қазақстанды заманауи, бәсекеге қабілетті көлік-логистика хабына айналдыруға бағытталған нақты әрі өзекті стратегиялық бағдар екенін көрсетеді.

Руслан АҚМАҒАНБЕТ, философия және саясаттану факультетінің аға оқытушысы

Өзгеріс өзегі білім мен ғылымда

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа жыл қарсаңындағы сұхбатында мемлекетіміздің жаңғыру жолындағы басты бағытын айқындап берді. Мемлекет басшысының ой-тұжырымы ел дамуының ұзақ мерзімді негізі ретінде білім, ғылым және технологиялық серпілісті алға шығарды.

Президенттің айтуынша, қазіргі заманның ең өзекті мәселелерінің бірі – оқу мәдениетінің әлсіреуі. Әлеуметтік желінің адамның танымдық қабілетіне кері әсерін атап өткен Қасым-Жомарт Кемелұлы қоғам үшін

терең мазмұнды, сараптамалық ақпараттың маңызы артқанын баса айтты. Мемлекет басшысы «оқу мәдениеті жоғары елдер әрдайым жаһандық дамудың алғы шебінде болатынын» нақты атап өтті. Бұл – білімді ұлттық қауіпсіздік пен бәсекеге қабілеттіліктің стратегиялық факторы ретінде қарастырудың айқын көрінісі.

Сұхбатта сондай-ақ жастар тақырыбына ерекше назар аударылды. Президент жастардың «елес-киял әлемінде өмір сүруді емес, нағыз білім-ғылым жолына түсуді мақсат тұтатынына» сенім білдірді. Бұл ұстаным елдің болашағын еңбекқорлық пен зияткерлік әлеуетке сүйеніп құру идеясымен үндес.

Мемлекет басшысы 2026 жылды «Цифрландыру және жа-

санды интеллект жылы» деп жариялаудың мәнін де ашып көрсетті. Ел басшысының айтуынша, Қазақстан цифрлық державаға айналуы тиіс, бұл – жаңа технологиялық дәуірде өркеніетті ел болып қалудың бірден-бір жолы.

Қорыта айтқанда, Президент сұхбатында ұсынылған жаңғыру тұжырымдамасының өзегі айқын: әділетті мемлекет – сапалы білім арқылы, тұрақты даму – ғылым мен технология арқылы қалыптасады. Бұл бағыт Қазақстанның алдағы жылдардағы даму логикасын анықтайтын стратегиялық бағдар ретінде бағалануы тиіс.

Нәзия ТАСИЛОВА, тарих факультетінің профессоры, т.ғ.к.

Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінде не істей алады?

Мемлекет басшысы «Түркістан» газетіне берген сұхбатында ұлттық баспасөздің қоғамдағы орны мен жауапкершілігіне айрықша тоқталды. Сұхбаттағы ең ойландыратын тұс – Президенттің: «Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр...» – деген пікірі. Бұл қоғамды ойландыруы тиіс өткір әрі өзекті тұжырым.

Соңғы 15 жылда ұлттық басылымдар медиа нарықтағы бәсекеде ұдайы жеңіліп, көбіне мемлекеттің қолдауымен ғана өмір

сүріп келеді. Жабылып қалған газет-журналдар аз емес. Дегенмен редакциядағы жанкешті әріптестер соңына дейін күресіп келе жатыр. Нәтиже мардымсыз көрінгенімен, оң өзгерістер де жоқ емес.

Президенттің «Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға баса мән береді, ағартушылықпен айналысады» деген пікірі баспасөздің ғасырлық миссиясын дәл сипаттады. Газет – асықпай оқып, байыппен ой түйуге, ақпаратты саралауға үйрететін көсемсөз мектебі.

Бүгін біз «Газет оқу – мәдениет» деген жалаң ұранмен шектелмей, ұлттық баспасөзді жүйелік жаңғырту жолдарын нақты талдауымыз керек. Ұлттық баспасөздегі менеджмент пен маркетингті жаңарту қажеттігі кеше ғана туындаған мәселе емес, бірақ шешімін әлі толық таппай келеді.

Газет-журналдар жай ғана «ақпарат көзі» емес, қоғамдық ойдың институты болуы тиіс. Сондықтан жазылу науқандары маусымдық шара емес, ұзақ мерзімді стратегияға айналуы қажет. Мектеп, университет, кітапхана, мемлекеттік мекемелермен жүйелі әріптестік – оқырман тәрбиелеудің басты тетігі. Бірақ сол мәдениетті қалыптастыруда бәріміздің жауапкершілігіміз бар.

Әлеуметтік желімен бәсекеде ұту үшін баспасөз оған ұқсауға емес, одан өзгеше болуға тиіс. Газет пен журналдың басты күші – талдау, сараптама, факт пен жауапкершілік. Осы құндылықтарды дұрыс басқарып, сауатты нарыққа шығара алған басылым ғана жаңа дәуірде өз орнын сақтай алады.

Жәнібек ҒАЛЫМ, журналистика факультетінің оқытушысы

Еліміз жаңғыру жолын таңдады

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев соңғы сұхбатында ел дамуының жаңа тарихи белесіне қадам басқанын мәлімдеді. Бұл – уақыт талабынан туындаған, қоғамның сұранысына негізделген және мемлекеттің ұзақ мерзімді мүддесіне бағытталған стратегиялық шешім.

Бұл сұхбаттан біз жаңа кезеңде саяси реформалар жүйелі түрде жалғасатынын, заң үстемдігі мен ашықтық қағидаттары күшейтіліп, экономиканы әртараптандыру арқылы тұрақты өсімге қол жеткізу көзделетінін білдік. Бұған қосымша, шағын және орта бизнесті қолдау, инвестициялық ахуалды жақсарту басты назарда болмақ. Халықтың әл-ауқатын арттыру, білім мен денсаулық сақтау саласын дамыту негізгі басымдыққа айналады.

Сонымен қатар сұхбатта Мемлекет басшысы ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді сақтау ел дамуының берік іргетасы екеніне тоқталды. Әр азаматтың ел болашағына бейжай қара-

мауы, жауапкершілік пен адал еңбекті басты құндылыққа айналдыруы – жаңғырудың табысты болуының кепілі.

Бұл бастама – тек бүгінгі буын үшін емес, келешек ұрпаққа тұрақты, әділетті әрі қуатты Қазақстанды аманаттау жолындағы маңызды қадам. Қазіргі өзгерістер уақытша науқан емес, елді жаңа сапалық деңгейге көтеруге бағытталған терең реформалар екені анық.

Қазақстан жаңғыру жолын таңдады. Бұл жол – қиындыққа қарамастан, алға бастайтын, жауапкершілік пен бірлікті талап ететін жол.

Нұрхалық АБДЫРАҚЫН, Қытайтану кафедрасының аға оқытушысы, PhD

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің ұстаздары мен студент жастарының мақсат-мүддесі де еліміздің жарқын болашағымен үндес. Ұлттық құндылықтарды ұлықтаған факультет ұжымы бірлік пен келісімді елдің басты байлығы ретінде бағалайды.

Ұлттық құндылықтарды ұлықтаймыз



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Бәріміз білімді әрі бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу ісіне айрықша мән беріп отырмыз. Жалпы, еліміздегі бастамалардың барлығы жас буынның жарқын болашағы үшін қолға алынды» деген пікірі университетіміздің де негізгі бағдарына айналып отыр. Бүгінгі әлемдегі саяси және экономикалық үдерістер қоғам алдына жаңа талаптар, міндеттер қойып отырғаны айқын. Осы орайда, қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің ұжымы рухани құндылықтарды бүгінгі жас ұрпаққа жеткізуді басты назарда ұстап, елі мен жерін сүйетін, білікті, мемлекетшіл тұлға болып қалыптасуына зор үлес қосып келеді. Әсіресе ана тілінің тағдыры, оны әр азаматтың білуі филолог мамандардың алдында атқарылар ауқымды істерді айқындай түсті.

Биыл филология факультетінде екі ірі ғылыми, бір сертификатталған орталық ашылды. ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Ш.Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлықтың иегері, Түркияның «Türk Dil Kurumu» құрметті мүшесі, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрметті президенті, аса көрнекті түркітанушы-лингвист, академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдардың туғанына 100 жыл толуына орай, Әбдуәли Қайдар атындағы «Халықаралық түркі мәдениеті және мұрасы орталығы» ашылды.

Жаңа орталықтың басты мақсаты – түркі дүниесіне ортақ тілдік, тарихи және мәдени мұраны зерттеу, жүйелеу және ғылыми айналымға енгізу. Сонымен қатар орталықта академик Ә.Қайдардың ғылыми мұрасын сақтау, насихаттау, жас зерттеушілерге қолдау көрсету бағытындағы жұмыстар атқарылмақ. Сондай-ақ XV Бағызбаева оқулары аясында Дүкенбай Досжан атындағы Цифрлық филология ғылыми-шығармашылық орталығының ашылу салтанаты өтті. Жаңа орталық цифрлық техно-

логиялар жетістіктерінің негізінде шығармашыл жастарды руханият саласының өкілдерімен таныстырып, әлемдік әдеби ортамен табыстыратын алаң болмақ.

Факультет ұжымы 10 ғылыми жоба ұтып алып, гуманитарлық ғылымның дамуына айтарлықтай өз үлесін қосып келеді. Жобалар аясында 50 млн теңге көлемінде көмек көрсетіліп, техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Факультет құрамындағы «Флагман» және «Глосса» көпфункционалды білім беру орталықтары да жыл сайын 100 млн теңге көлемінде кіріс кіргізіп, шетелдік студенттерді оқытудың озық үлгісін паш етіп келеді.

Қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаған дана ақын, әлемдік деңгейдегі кеменгер тұлға Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай, «Абай мұрасы және цифрлық дәуір» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылды. Цифрлық технологиялардың дамуы Абай Құнанбайұлының мол мұрасын жаңа қырынан танып, кең аудиторияға қолжетімді етуге айрықша мүмкіндік беріп отыр. Ұлы ойшылдың шығармаларын цифрландыру, электрондық ресурстарға енгізу, мультимедиялық форматтарда ұсыну – рухани қазынаны сақтаудың заманауи тетігі ғана емес, оның ғылыми зерттелуіне серпін беретін маңызды үрдіс.

Сонымен бірге факультет деңгейінде ауқымды ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Көшбасшылық дәрістер оқылды, тұрақты даму мақсаттары бойынша да іргелі іс-шаралар өтті. Бұл шаралардың барлығы ғылым мен білімнің көкжиегі саналатын қара шаңырағымыздың жетістіктері.

Баян ЖОЛДАСБЕКОВА,
филология факультетінің
деканы, ҚР ҰҒА академигі

Жайна САТКЕНОВА,
қауымдастырылған
профессор

Зерттеу орталықтары зерделі білім алушыларға қызмет етеді

Биология және биотехнология факультетінде Республика күніне орай, Зоология, гистология және цитология кафедрасы ашылды. Аталған жаңа кафедра бұрынғы Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасын бөлу негізінде қайта ашылғанын атап өткен жөн.

Зоология және гистология кафедрасы Ботаника кафедрасымен бірігіп, 2011 жылы Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасы болып, 14 жыл бойы ең ірі кафедралардың бірі ретінде жұмыс істеді. Алайда зоология бағытында жоғары білікті мамандардың жетіспеушілігі осы бағытта жұмыс істеп жүрген көптеген мамандарда алаңдаушылық тудырды. Зоология саласының қарқынды дамуына үлкен әсер ететін кадр мәселесін шешу мақсатында Зоология институтының қызметкерлері, кафедраның зоолог мамандары, басқа да ғылыми-өндірістік ұйымдар университет басшылығына ірі кафедрадан Зоология, гистология және цитология кафедрасын бөліп алу туралы ұсыныс жасады. Нәтижесінде Биология және биотехнология факультетінде Зоология, гистология және цитология кафедрасы қайта ашылды. Қазіргі таңда жаңа кафедраның алға қойған негізгі мақсаты – еліміз фаунасының алуантүрлілігін сақтап, олардың жойылып кету қаупінің алдын алу, зоологиялық, гистологиялық, клеткалық зерттеулерді дамыту, өзекті мәселелерді шешу үшін жоғары білікті мамандарды даярлау.

Биылғы факультетіміздегі негізгі маңызды оқиғалардың бірі ретінде Қазақстан-Америкалық цитоматрица зерттеу орталығының ашылғанын атап өтуге болады. Бұл орталық – Қазақстан мен АҚШ ғалымдарының бірлескен ірі ғылыми бастамасы, биология, клеткалық биология, биохимия және медицина саласында жаңа зерттеулер жүргізуге арналған көпсалалы ғылыми платформа. Жаңа орталық цитоматрицаның құрылымын, оның жасушалық процестердегі рөлін және клиникалық қолдану мүмкіндіктерін терең зерттеуге бағытталған. Әсіресе



цитоматрицаның катерлі ісік жасушаларының өсуі мен таралуына әсерін анықтау маңызды міндеттерінің бірі болып саналады.

Таяуда адам мен жануарлар физиологиясы зертханасының құрамындағы №222 аудиторияға ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының академигі, көрнекті ғалым, ұстаз, отандық физиология ғылымының негізін қалаушылардың бірі Қабдрахман Дүйсембиннің есімін беру рәсімі салтанатты түрде өтті. Бұл оқиға университеттің ғылыми мектептері арасындағы сабақтастықты нығайту жолындағы маңызды қадамдардың бірі болып, академиктің қазақстандық биология, медицина және адам ғылымының дамуына қосқан өлшеусіз еңбегіне көрсетілген құрмет ретінде тарихта қалды.

Қабдрахман Дүйсембин – 240-тан астам ғылыми еңбектің, жеті монографияның авторы, бірқатар патенттердің иегері, ондаған ғылым докторлары мен кандидаттарын тәрбиелеп шығарған ғылыми мектептің негізін қалаушы. Академик ҚазҰУ-да нейроғылым бағыттарының қалыптасуына жол ашып, бірнеше онжылдық бойы факультеттің ғылыми және білім беру ортасын дамытуға, оқу бағдарламаларын жасау мен жаңартуға, жаңа буын зерттеушілерін тәрбиелеуге айрықша үлес қосты.

Факультетте оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушыларға арналған көшбасшылық және қонақ дәрістері оқылып тұрады. Мәселен, Молекулалық биология және генетика кафедрасының ұйымдасты-

руымен ҚазҰУ-да АҚШ-тың Massachusetts Institute of Technology (MIT) профессоры, биотехнология саласының көрнекті өкілі Харви Ф.Лодиш «Ауруларды емдеуге арналған жаңа технологиялар мен табысты биотехнологиялық компанияларды құру: жеке тарих» тақырыбында көшбасшылық дәріс өткізді. Сондай-ақ осы кафедраның ұйымдастыруымен АҚШ-тың Massachusetts технологиялық институты (MIT) Уайтхед биомедициналық зерттеулер институтының «Адамның бағаналы жасушалары» зертханасының директоры, әлемге әйгілі биомедицина саласының зерттеушісі, PhD Майя (Майсам) Миталипова көшбасшылық дәріс оқыды. Дәріс «Изогендік және өздігінен ұйымдасатын гематозенцефаликалық тосқауыл моделі: Альцгеймер ауруындағы тамырлық дисрегуляцияны зерттеу» тақырыбында өтті. Санкт-Петербург мемлекеттік ветеринарлық медицина университеті Генетикалық және репродуктивті биотехнология кафедрасының доценті, ветеринария ғылымының докторы Е.А.Корочкина «Болашақ ғалымдар» білім беру бағдарламасын таныстыра отырып, «Жануарлар шаруашылығындағы генетикалық және репродуктивтік технологиялар» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды. Дәріс барысында жануарлар генетикасын жетілдіру және биоқауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша заманауи тәсілдер қарастырды.

Негізі, факультеттің биылғы табыстары өте көп. Соның біріне тоқталып өтсем, «ТМ05102-Биомедицина» мамандығының 2-курс магистранты Роза Әбдусаттарова халықаралық және республикалық деңгейдегі байқаулардың жеңімпазы атанып, отандық ғылымның мерейін асқақтатты. Розаның білім жолындағы қажырлы еңбегі мен ғылыми ізденістері бүгінде «ТМД елдерінің үздік студенті» және «Жылдың үздік студенті» атты беделді марапаттармен айықталды.

Гаухар ДАТХАБАЕВА,
биология және
биотехнология факультеті
деканының орынбасары



Жаңартылған телестудия іске қосылды

Журналистика факультетінде жыл бойы халықаралық және республика деңгейіндегі бірнеше маңызды ғылыми конференция өтті. Жақында Қазақ ұлттық университеті, Бас редакторлар клубы және «Alatau Aqparat» медиахолдингі бірлесіп «Цифрландыру дәуіріндегі масс-медиа трансформациясы» тақырыбында ғылыми-практикалық дөңгелек үстел өткізді. Іс-шараға республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары, сала ардагерлері, университет профессор-оқытушылар құрамы, ғалымдар мен медиа сарапшылар қатысты. Кездесуде цифрлық технологиялардың дамуы жағдайындағы отандық масс-медиаының трансформациясы, қазіргі журналистиканың жаңа бағыттары, медиа этика мәселелері, жасанды интеллектінің ақпараттық кеңістікке ықпалы және цифрлық дәуірдегі ақпараттық қауіпсіздік тақырыптары жан-жақты талқыланды.



Іс-шараны ашқан ҚР Парламенті Сенатының депутаты, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары және «Бас редакторлар клубы» ҚБ президенті Бибігүл Жексенбай масс-медиаының қоғамдағы рөліне тоқталып, ақпараттық жауапкершіліктің маңызын атап өтті: «Масс-медиа – ұлттық сананың айнасы. Цифрландыру дәуірінде ақпаратты шектеу емес, оған жауапкершілік орнату маңызды. Мемлекет басшысы айтқандай, әділетті қоғам әділетті ақпарат кеңістігінсіз мүмкін емес. Осы бағытта Парламент, Үкімет, медиа және азаматтық қоғам бірлесе әрекет етуі тиіс», – деді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанды «жаппай цифрлық елге» айналдыру жөніндегі стратегиялық мақсатына тоқталып, жасанды интеллектінің маңызын атап өтті.

Сондай-ақ журналистика факультетінде Бейбітшілік пен даму жолындағы дүниежүзілік ғылым күні аясында «Жаһандық коммуникация: өркениеттік дамудың ұлттық ақпараттық моделі және жасанды интеллект» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция және дәстүрлі IV Кенжалин оқулары өтті. ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасы ұйымдастырған басқосудың мақсаты – жаһандану жағдайындағы ұлттық ақпараттық саясаттың өзекті мәселелерін, сондай-ақ жасанды интеллектінің БАҚ саласына тигізетін оң және теріс ықпалдарын талқылау болды. Іс-шараға университет басшылығы, отандық және шетелдік ғалымдар, қоғам қайраткерлері, медиа мен ЖИ саласының сарапшылары, студент жастар қатысты. Конференция барысында медиамәдениеттің өзгеруі, цифрлық журналистика, жасанды интеллект этикасы, ақпараттың шынайылығы мен медиасауаттылық, сондай-ақ жаһандық ақпараттық кеңістікте ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелері кеңінен талқыланды.

Қараша айында журналистика факультетінде «Цифрландыру дәуіріндегі баспа ісі және кітаптану: заманауи үрдістер және даму болашағы» тақырыбында республикалық ғылыми-әдістемелік конференция өтті. Іс-шараға отандық ғылым мен мәдениет саласының мамандары, баспагерлер, оқытушылар мен студенттер қатысты. Конференция белгілі баспагер,



ғалым-ұстаз Қоңыр Мұқатайқызының 75 жасқа толуына орайластырылды. Ғалымның халықаралық стандартты кітап нөмірлеу жүйелерін (ISBN, ISSN, CIP) енгізудегі рөлі ерекше аталып өтті.

Осы жылы журналистика факультетінің профессоры Марат Барманқұлов атындағы телестудияның жаңартылған нұсқасының салтанатты ашылуы болды. Іс-шараға университет басшылығы, ғалымдар, медиа саласының мамандары, журналистер, профессордың отбасы мүшелері, оқытушылар мен студенттер қатысты. Профессор Марат Барманқұловтың есімі берілген, қазіргі жаңартылып отырған телестудия студенттер үшін заманауи білім мен тәжірибені біріктіретін маңызды алаң болып табылады.

Сондай-ақ ҚазҰУ-да V халықаралық түркі әлемі коммуникация және өнер симпозиумы аясында Алматыға келген бауырлас елдер өкілдері журналистика факультетінде болып, факультет басшылығы мен кафедра меңгерушілерімен кездесті. Кездесу барысында Түркі әлемі журналистер федерациясының басшылары, университеттердің коммуникация факультеттерінің декандары мен орынбасарлары, Кинематографистер одағы мен медиа ұйымдардың өкілдері қатысты. Дөңгелек үстел барысында журналистика, медиакоммуникация, кинодраматургия салалары бойынша бірлескен жобалар мен ынтымақтастықты дамыту жөнінде уағдаластық жасалды.

Жалпы, журналистика факультеті өткен жылды табысты аяқтап, жылқы жылын жаңа жетістіктермен қарсы алмақ.

Неля РУШАНОВА,
PhD, журналистика факультеті деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Жасанды интеллект (ЖИ) бүгінде әлемдік дамудың негізгі қозғаушы күштерінің біріне айналды. 2025 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жолдауында жасанды интеллект технологияларын дамытуды елдің стратегиялық басым бағыты ретінде айқындап, бұл саланың экономиканы, ғылымды және қоғамды жаңғыртудағы рөлін ерекше атап өтті. Мемлекет басшысы цифрлық трансформацияның барлық салаға әсер ететінін айтып, нақты міндеттер жүктемеді. Осы бағытта университеттің ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультеті жүйелі әрі мақсатты жұмыс жүргізіп келеді.

Жасанды интеллект – ел дамуының тетігі



2025 жылы ұжымымыз бірқатар табыстарға қол жеткізді. Факультет білім беру, ғылыми-зерттеу және қоғамдық тәжірибе аясында белсенді қызмет атқарды. Жыл инновациялық жобалар мен стартап-бастамаларға толы болды. Экология, цифрлық технологиялар, деректерді өңдеу және жасанды интеллектіні қолдану бағыттарында бірқатар маңызды іс-шаралар ұйымдастырылды.

Факультет бастамасымен «Математика, механика және ақпараттық технологиялар» атты X халықаралық ғылыми конференциясы, Parallel Computing Technologies (PaCT-2025) 18-ші халықаралық конференциясы, сондай-ақ ҚазҰУ қабырғасында өткен CSAM-2025 халықаралық конференциясы жоғары деңгейде өткізілді. Бұл шаралар отандық және шетелдік ғалымдардың тәжірибе алмасуына мүмкіндік берді.

Факультет студенттері мен оқытушылары үшін оқу бағдарламалары мен зерттеу жобалары үнемі жаңартылып отырды. Жыл бойы салалық семинарлар мен шеберлік сабақтары ұйымдастырылып, жасанды интеллектінің практикалық қолданылуы, заманауи құралдар мен технологиялар кеңінен талқыланды. Сонымен қатар беделді IT-компаниялар өкілдерімен кездесулер өткізіліп, студенттердің кәсіби бағдарын айқындауға басымдық берілді.

Қазан айында ұйымдастырылған AI WEEK 2025 аясында өткен «Студенттік AI STARTUP» байқауы факультеттің табысты жобаларының бірі болды. Бұл шара жасанды интеллект саласындағы студенттік идеялар мен технологиялық шешімдерді қолдауға бағытталды. Факультет басшылығы жастарды цифрлық трансформацияға тартудың және жоғары технологиялық жобаларды қолдаудың маңызын атап өтті.

Қараша айында факультет «Farabi GreenCampus: Таза университет» экологиялық жастар форумы аясында «ЖИ және жасыл болашақ» стартап-конкурсын және бейнеролик байқауын сәтті өткізді. Байқаудың негізгі мақсаты – жасанды интеллектіні экологиялық бастамалармен ұштастырып, жас зерттеушілердің тың идеяларын қолдау. Қатысушы командалар табиғатты қорғау мен ресурстарды тиімді пайдалану бағытындағы инновациялық



жобаларын ұсынды. Бұл бастамалар экологиялық жауапкершілік пен цифрлық сауаттылықты арттырудың маңызын көрсетті.

Факультет оқытушылары мен студенттері республикалық және халықаралық байқауларда да жоғары нәтижелер көрсетті. Атап айтқанда факультет командасы «AI-Sana Shakarim Solveathon: AI & Agriculture-2025» республикалық хакатонында I-орынды иеленді, IT-FEST 2025 фестивалінде CTF бағыты бойынша 2-орын алды. Сондай-ақ ICPC 2025 халықаралық бағдарламалау олимпиадасының финалына жолдама алды.

Факультет ғалымдары жүрек-қан тамырлары ауруларын ерте анықтауға арналған «Zhurek AI» платформасын әзірлеп, Scopus базасында ғылыми мақалалары жарияланған факультет докторанты, жас ғалым Салтанат Байпақбаева ғылым мен білім саласындағы ізденістері үшін марапатталды. Бұл жетістіктер жоғары оқу орындарының ғылыми әлеуетінің артып келе жатқанын айқын көрсетеді.

Өтіп бара жатқан жыл факультет үшін жаңа белестер мен маңызды бастамаларға толы болды. Университет оқу үдерісіне IT-саласындағы инновацияларды енгізіп отырып, жасанды интеллект бағытында жоғары білікті мамандар даярлауды жалғастыруда. 2025 жылғы жетістіктер елдің стратегиялық мақсаттарына сай келетін білім беру мен ғылыми зерттеулерді одан әрі нығайтуға серпін береді.

Нұрбол БЕЙСОВ,
ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультеті деканының ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары

Казахстанский ученый почетный доктор РАН

Ученые механико-математического факультета Казахского национального университета им. аль-Фараби тесно сотрудничают с учеными Сибирского отделения Российской академии наук (СО РАН).

Начало этому сотрудничеству было заложено еще в шестидесятых годах прошлого века, когда деканом факультета был Хасен Ибрашев, который всегда поддерживал ученых-математиков Казахстана, способствовал межвузовским контактам ученых. Он организовывал научно-методические форумы, конференции на которых выступали корифеи математической науки академики М.А.Лаврентьев, Н.Н.Яненко, С.Л.Соболев, М.М.Лаврентьев, Г.И.Марчук и другие. Благодаря этому сотрудничеству многие казахстанские талантливые молодые в то время математики прошли научные стажировки и аспирантуру в Новосибирском Академгородке. Среди них можно отметить выдающихся ученых, лауреатов государственной премии Республики Казахстан Шалтая Смагулова (1949-2003) и Наргозы Данаева (1947-2014). Они создали в Казахстане научную школу по вычислительной математике и вычислительной гидродинамике.

В настоящее время представитель этой научной школы академик НАН РК, д.ф.-м.н., профессор Темирбеков Нурлан Муханович очень плодотворно работает с учеными Сибирского отделения РАН. Он совместно с директором Института вычислительных технологий, академиком РАН Юрий Ивановичем Шокиным и Олегом Львовичем Жижимовым в 2018-2020 годы выполнил научный проект «Интегрированная распределенная информационная система Академгородка города Алматы». Темирбеков Н.М. является автором геоинформационной системы для оценки влияния антропогенных источников загрязнения на качество атмосферного воздуха промышленного города. В настоящее время академики НИА РК Жумагулов Б.Т. и Темирбеков Н.М. работают над разработкой



математических моделей искусственного интеллекта в геологии.

Академик НИА РК Темирбеков Н.М. в ноябре выступил с научным докладом на объединенном семинаре Федерального исследовательского центра по информационным и вычислительным технологиям (ФИЦ ИВТ), НГУ и НГТУ «Информационно-вычислительные технологии» под руководством д.т.н., доцента В.Б. Барахнина и д.ф.-м.н. С.Б. Медведева. Тема доклада «Разработка прогнозно-поисковых технологий выделения рудоперспективных техно-объектов с применением искусственного интеллекта». Благодаря существенным научным результатам Темирбекова Н.М. и его учеников хорошо знают в Новосибирском Академгородке. Поэтому в адрес объединенного ученого совета СО РАН по нанотехнологиям и информационным технологиям директор института динамических систем, академик РАН Бычков И.В. и ректор НГУ, академик РАН Федорук М.П. направили предложение о выдвижении Темирбекова Нурлана Мухановича на звание Почетный доктор СО РАН. Этот вопрос был включен в повестку заседания Объединенного ученого совета СО РАН по нанотехнологиям и информационным технологиям, которая прошла 18 ноября 2025 года. Академик РАН Бычков Игорь Вячеславович в своем выступлении отметил, что профессор Темирбеков Н.М. является известным математи-

ком и организатором высшей школы и науки в Казахстане. По результатам научных исследований им опубликовано четыре монографии и более 100 научных статей, в том числе в журналах входящих в наукометрическую базу Scopus 56, подготовлено 12 кандидатов наук и PhD.

В результате тайного голосования Объединенный ученый совет СО РАН по нанотехнологиям и информационным технологиям на звание Почетный доктор СО РАН поддержала кандидатуру Темирбекова Нурлана Мухановича. На общем собрании СО РАН, которая прошла 19 ноября 2025 года кандидатуру Темирбекова Нурлана Мухановича единогласно избрали Почетным доктором СО РАН. Это высокое звание подтверждает то, что научные результаты казахстанского ученого признала Российская академия наук с 300-летней историей.

Поздравляем нашего коллегу доктора физико-математических наук, профессора-исследователя кафедры Математического и компьютерного моделирования Темирбекова Нурлана Мухановича с избранием его Почетным доктором Сибирского отделения Российской академии наук. Желаем крепкого здоровья и дальнейших творческих успехов в подготовке научных кадров в Казахстане.

Сауле МАУСУМБЕКОВА,
ассоц. профессор зав.кафедрой
математическое и
компьютерное моделирование

В преддверии Нового 2026 года, в городе Алматы была проведена благотворительная акция в поддержку самых маленьких детей – воспитанников Специализированного дома ребенка Управления общественного здравоохранения города Алматы. Инициаторами мероприятия выступили преподаватели, студенты, магистранты и докторанты кафедры «Политика и организация здравоохранения» Факультета медицины и здравоохранения КазНУ имени аль-Фараби.

Благотворительная акция к Новому году



Основная цель акции – подарить детям от рождения до четырех лет, оставшимся без попечения родителей заботу, внимание и новогоднее настроение и оказать реальную помощь учреждению. В рамках благотворительного визита детям подарены новогодние подарки, сладости и угощения. Согласно утвержденного перечня разрешенных и необходимых товаров, администрации дома ребенка переданы лекарственные средства, подгузники и предметы ухода, необходимые в повседневной работе учреждения.

Благотворительная акция «Мир не без добрых людей» стала возможной благодаря активной поддержке партнеров и спонсоров – друзей и коллег кафедры. Среди них представители образовательных учреждений, медицинских организаций, частных компаний, в том числе:

- Казахский национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова
- Ресторан Lavla
- Детский магазин Newborn Almaty
- Компания подгузников Babyshark.almaty_kz
- Танцевальная студия «All in dance»
- ТОО «КДЛ ОЛИМП Ала-тау»
- Департамент санитарно-эпидемиологического контроля Жамбылской области
- «Районная больница Глубоковского района» управления здравоохранения Восточно-Казахстанской области
- «Араломорская противочумная станция» РГП на ПХВ

«Национальный научный центр особо опасных инфекций имени Масгута Айкимбаева» МЗ РК

• Областной перинатальный центр, г.Туркестан

• ГКП на ПХВ «Кентауская центральная городская больница», а также многие другие медицинские учреждения и клиники города Алматы.

Преподаватели кафедры Муратова Р.Р., Байгонова К.С., Мауленова Б.Н., Есегенева Р.Т., Курбанова М.К., Токтарова Н.Н., а также сотрудник, от спонсора Ресторана Lavla Супиев Р.Р. провели несколько часов с детьми: играли, общались, угощали сладостями и создавали атмосферу настоящего новогоднего праздника. Искренние эмоции, улыбки, смех и радость малышей стали главным итогом этой встречи. Прощание оказалось трогательным – дети долго не хотели отпускать гостей и расставаться с ними.

Организаторы убеждены, что подобные инициативы не только помогают специализированным учреждениям, но и формируют культуру социальной ответственности, напоминая каждому из нас, что мир действительно держится на добрых людях. От имени Администрации детского дома кафедре «Политика и организация здравоохранения» Факультета медицины и здравоохранения КазНУ им.Аль-Фараби было вручено Благодарственное письмо.

Радмила МУРАТОВА,
ст.преп. кафедры «Политика и
организация и здравоохранения»
факультет медицины и
здравоохранения

Благодарственное письмо от министра энергетики

Факультет сердечно поздравляет коллегу Женету Халиловну Таимухамбетову с получением благодарственного письма от Министра за активное участие в работе по направлениям «Хранение и транспортировка нефти и газа» и «Переработка и продажа нефти и газа», а также за значительный вклад в развитие отраслевой системы квалификаций, утверждение отраслевой рамки квалификаций, разработку и актуализацию профессионального стандарта в нефтегазовой отрасли.

Данный успех отражает приверженность принципам устойчивого развития и вносит вклад в достижение Целей устойчивого развития ООН, прежде всего:

- ЦУР 4 – Качественное образование (развитие профессиональных стандартов и компетенций);
- ЦУР 8 – Достойная работа

и экономический рост (подготовка высококвалифицированных кадров для отрасли);

• ЦУР 9 – Индустриализация, инновации и инфраструктура (участие в совершенствовании профессиональных требований к нефтегазовой сфере);

• ЦУР 12 – Ответственное потребление и производство (участие в повышении эффективности и безопасности отраслевых процессов).

Это заслуженное признание высокого профессионализма,

компетентности и многолетней плодотворной деятельности в сфере подготовки кадров для нефтегазового комплекса на основе принципов устойчивого развития.

Желаем Женете Халиловне дальнейших творческих успехов, крепкого здоровья, благополучия и новых профессиональных достижений!

Фатима КАНАПИЕВА,
и.о. доцента кафедры
физической химии, катализа и
нефтехимии



Халықтық педагогикалық мұраларды жаңғыртты

ӘДІБАЙ ТАБЫЛДИЕВТІҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

Әрбір ұлттың генофондының негізі танымал тұлғалардан тұрады. Ұлттың ақыл-ойын, парасатын құрайтындар да осы топ, яғни тұғырлы тұлғалар. Олар заманның желінен ықпайтын, шындықтан қашып бұқпайтын, сабыры үгілмейтін, ұсаққа үгілмейтін, көкірегі сыр-сандығын пендешіліктен таза ұстайтын, өнерді өрістетіп, ғылымды өрге сүйрейтін ерекше талант иелері.



Әрине, ұлы тұлғалар ұлттық болмысымыз бен елдігімізді сақтау жолында қай істе де жанын аямай, бар ынта-ықыластарымен қызмет ете білген. Осындай тұлғалар қатарында ақын, жазушы, драматург, педагогика ғылымының докторы Әдібай Табылдиев ағамыздың да орны өзінше дара, өзінше дана. Кесек тұлға, кенен дарынның шығармашылығы мен қайраткерлігі, жазушылық шеберлігі, ғылым жолындағы ерен еңбегі турасында аз жазылып, аз айтылып жатқан жоқ.

Адамның туған жері тамыр жайып көктейтін ортасы болса, Әдібай Табылдиевтің де тамыр жайып көктеген, нәр алып, өскен топырағы – қасиетті ақбас Алатау мен қарт Қаратаудың ортасынан ойып тұрып орын тепкен Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданы, оның өзгеше жазы – жайлы, қысы – суық өзіндік бір табиғаты біртуар ғалым ағамыздың бойына алғырлықты, тереңдікті, көрегендікті сыйласа керек-ті.

Өмір өріне табандылықпен ұмтылып, балалар әдебиетін дамытуға, қазақтың қаймағы бұзылмаған халықтық педагогикалық мұраларын жаңғыртуға бағытталған Әдібай ағамыздың табанды еңбегі ұлттық руханият пен педагогика тарихында шоқтығы биік дүние, тағылымды шежіре.

Тумысынан зерек те алғыр, максаты айқын Әдібай Табыл-

диев 1948 жылы Тараз қаласындағы Абай атындағы педагогикалық училищесін, 1955 жылы ҚазПИ-ді (қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті) үздік тамамдаған. Осы орайда, бұл кезең ағамыздың кәсіби дүниетанымының, ұстаздық пен ғылыми бағытының қалыптасуына негіз қалағаны анық.

Еңбек жолын 1944 жылы Тұрар Рысқұлов ауданында мұғалім болудан бастаған Әдібай ағамыздың қызметі, сұрапыл соғысқа аттанғанға дейін ауыл балаларына білім берумен қатар, тыл еңбегіне де белсене араласқаны туралы қазіргі жергілікті өлкетанушылар арасында да тағылымы мол естеліктер айтылады. Соғыстан кейінгі жылдары Жамбыл облысындағы мектептерде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директор қызметтерін атқара жүріп, білім беру саласында қордаланған мәселелерді шешуде де табандылығымен танылған.

Әдібай Табылдиевтің 1960 жылдардың соңында «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясында аға редакторлықтан басталған қызметі ұлттық ғылым саласын дамытуға деген қызметімен ұштасқанын аңғарамыз.

1980 жылдан бастап қазіргі ҚазҰУ-да оқытушы, доцент, ал 2005 жылдан профессор ретінде жоғары білім мен ғылым саласында үздіксіз қызмет етті.

Әдібай Табылдиевтің 2004 жылы «Қазақ этнопедагогикасының негіздері» атты докторлық диссертациясының ұлттық педагогикалық мұраларымызды қайта жаңғыртудағы, ұрпақ тәрбиелеудегі рөлі зор болғанын ешкім де жоққа шығара алмайды.

120-дан астам энциклопедиялық мақала, 10-нан аса ғылыми-әдістемелік оқу құралдары мен бағдарламалардың авторы ретінде педагогикалық ғылым саласында өзіндік із қалдырған Әдібай ағамыздың балалар әдебиетіндегі қызметі де орасан. Оның бала тәрбиесіне қатысты қызметі ең алдымен жас ұрпақтың рухани, адамгершілік және танымдық дамуын кешенді түрде қалыптастыруға бағытталғанынан аңғарамыз. Ғалым баланың психологиялық ерекшелігін терең ескере отырып, білім мен тәрбиені құрғақ өсиет емес, көркем сөз, бейнелі ой, өмірмен астасқан мысал арқылы жеткізуді басты қағида етті. Оның балаларға арналған өлеңдері мен әңгімелерінде еңбекқорлық, уақытты қадірлеу, адалдық, жауапкершілік, ізденіс пен ынта сияқты құндылықтар ірі педагог-жазушы ретіндегі шеберлігін де айшықтайды.

Әр дәуірдің, заманның, қоғамның өзіндік тарихи шежіресін, бүгінгі өмір шындығын ұлы ойшылдардың танымы терең туындылары арқылы біле аламыз. Мұндай туындыларда тарих беттері парақталып қана қоймай, әрбір ұлттың тарихымен тікелей үндесіп, болмысымен біте қайнасып жатқан адамгершілік, парасаттылық, салт-дәстүр, дүниетаным ұғымдары, философиялық ой, көркемдік пен сұлулық, патриотизм, эстетикалық нәр тұнып тұр. Тек соны зерделі пайдалануды қажет етеді. Олай болса, Әдібай Табылдиев қазақ этнопедагогикасын ғылыми жүйеге түсірген, ұлттық тәрбиені білім беру мазмұнымен ұштастырған ірі тұлға. Оның ғылыми еңбектері мен көркем шығармалары бірнеше буын ұстаздар мен оқушыларға рухани бағдар болып келеді. Ұстаздық, ғалымдық және жазушылық қызметті қатар алып жүрген Әдібай Табылдиевтің мұрасы – қазақ руханияты мен педагогикасының құнды қазынасы.

Дархан БАЙДАЛИЕВ,
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымының кандидаты

Қазіргі уақытта әлем еңбек нарығы түбегейлі өзгерістер кезеңін бастан өткеріп отыр. Цифрландыру экономиканың барлық салаларына еніп, жұмыс үдерістерін түбегейлі жаңғыртуда. Мұндай жағдайда білікті мамандарға қойылатын талаптар да жоғарылап, цифрлық дағдылардың маңызы ерекше арта түсті. Еңбек нарығы да бұл өзгерістерге бейімделіп, жаңа форматтағы мамандарға сұраныс артуда.

Білікті кадрдың бәсі жоғары



Қазіргі цифрлық еңбек нарығында мамандардан тек кәсіби дағды ғана емес, технологияға икемделу, цифрлық құралдарды тиімді пайдалану және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын меңгеру сияқты қабілеттер де сұралады. Алайда технологиялардың жылдам дамуы кейде мамандардың өзгерістерге бейімделуін кешіктіріп жібереді. Барлық мамандар цифрлық құралдарды тиімді қолдана бермейді, ал кейде технологиялық инфрақұрылым болса да, оны басқаруға дайын кадр жетіспейді. Сонымен қатар цифрлық көшбасшылар мен тәжірибелі мамандардың тапшылығы ұйымдардың дамуына қосымша қиындықтар тудырады, ал жас мамандар технологияны жылдам меңгерсе де, тәжірибесі аз болып келеді. Осындай жағдайда жоғары оқу орындарының алдында еңбек нарығына сай дағдылары бар, икемді әрі бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау міндеті тұр. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті осы үдеріске белсенді түрде араласып, білім беру бағдарламаларын жаңғырту және оқу процесін технологиялық бағытқа бейімдеу жұмыстарын жүйелі жүргізуде.

ҚазҰУ-дың заманауи инфрақұрылымы цифрлық білім берудің дамуына жан-жақты жағдай жасайды. Университет базасында инновациялық зертханалар, Smart Class аудиториялары, цифрлық кітапханалар және ғылыми-технологиялық орталықтар жұмыс істейді. Бұл орталарда студенттер нақты ғылыми жобалармен айналысып, заманауи бағдарламалар мен құралдарды қолдану арқылы кәсіби құзыреттіліктерін нығайтады.

QS рейтингтері ҚазҰУ-дың халықаралық деңгейдегі беделін нақты көрсетеді. 2025 жылғы QS World University Rankings нәтижесінде университет әлемнің үздік жоғары оқу орындарының

ішінде 166-орынды иеленді. Сонымен қатар түлектердің еңбекке орналасу мүмкіндігін бағалайтын QS Graduate Employability Rankings көрсеткіштері бойынша ҚазҰУ 201-250 тобына кіріп, еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие мамандарды даярлайтын оқу орны екенін дәлелдеді.

ҚазҰУ ішкі сапаны арттырумен қатар, халықаралық серіктестікті де кеңейтіп келеді. Әлемнің жетекші университеттерімен ғылыми деңгейде жасалған ынтымақтастық келісімдер студенттердің тәжірибеден өтуіне, бірлескен жобаларға қатысуына жол ашады. Дуалды оқыту жүйесі, технологиялық тәжірибелер және кәсіби тағылымдамалар түлектердің еңбек нарығына бірден бейімделуіне ықпал етеді. Мұндай байланыстар университет пен өндіріс арасындағы көпір қызметін атқарып, мамандардың кәсіби деңгейінің жоғары болуына кепіл болады.

ҚазҰУ түлектері цифрлық еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие. Олардың бойында ақпараттық технологияларды меңгеру, аналитикалық ойлау, жаңашылдыққа бейімділік, командалық жұмыс дағдылары қалыптасқан. Мұндай құзыреттер түлектерді түрлі салаларда, мысалы, мемлекеттік басқару, ғылым, бизнес, өндіріс және IT секторында бәсекеге қабілетті маман етеді.

Қорытындылай айтқанда, болашақтың табысты маманы – технологиялық ортада еркін жұмыс істей алатын, жаңа идеяларды жүзеге асыра білетін, цифрлық құзыреттілігі жоғары тұлға.

Гүлия ИЛЯШОВА,
Экономика кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы
Айжаным ТЕМІРХАНҚЫЗЫ,
«Экономика» мамандығының магистранты

Адал еңбек жемісі

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Үздік маман – 2025» байқауында Фараби кітапханасының мамандары оза шауып, үздік атанғанын мақтан тұтамыз. Байқауда жеңіске жету жастарға ерекше жігер береді. Еңбекке деген ынтасын арттырып, жауапкершілік сезімін биіктетеді. Жыл қорытындысында Фараби кітапханасының Ақпараттық қызмет басқармасында 25 жыл қызмет еткен бас кітапханашы-менеджер Мейіркүл Тұрдышқызының айы оңынан туып, адал еңбегінің арқасында жеңімпаз атанды.



Мейіркүл Тұрдышқызы алдымен биология және биотехнология факультетінің оқу залынан тәжірибе жинап келді. Кейінірек жаңадан ашылған қазақ залында, оқу абонементінде, ақпараттық-библиографиялық қызмет бөлімінде жұмыс істеген. Одан кейін әдістемелік бөлімге ауысқан. Бүгінде классикалық оқу залында бас кітапханашы-менеджер болып қызмет атқарады. Мейіркүл Тұрдышқызы оқырмандарды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етіп, білім алушыларды электронды көрмен таныстырып жүрген, заманауи технологияны меңгерген білікті маман.

Өрине, еңбектің бағаланғаны жақсы. Бұл марапаттар, әсіресе, біздің ұжым



үшін ерекше маңызға ие болды. «Өзгенің бақытына қуана білгеннің өзі бақытты» дегендей, кәсіподақ мүшелері әлеуметтік желіде марапат иелеріне жазылған пікірлерді саралап, ең үздік пікір иелерін де сый-сияпатсыз қалдырмады. Бас кітапханашы-менеджер Гүлмира Темирова күтпеген жерден

«Үздік комментарий» жеңімпазы атанды. Бұл ретте «Парасат» кәсіподақ ұйымы мен Фараби кітапханасы кәсіподақ бюросының төрайымы Мәдина Оспанованың еңбегін де ерекше атап өтуге болады.

Жылдағы дәстүр бойынша «Парасат» кәсіподақ ұйымы өткізіп келе жатқан бұл байқаудың мақсаты – қызметкерлердің шеберлігін шыңдау, ынталандыру, талпыныс, жігер беру. Университет қызметкерлерінің еңбегін бағалап, қолдау кәсіподақ тарапынан қашанда жалғасын таба бермек.

Ақмарал БАЛХАШЕВА,
Фараби кітапханасының кітапханашы-менеджері

Ұлы ойшыл Әбу-Насыр әл-Фараби бабамыздың 1155 жылдық мерейтойы аясында ҚазҰУ қабырғасында өткен ғылыми-мәдени іс-шаралар жас ұрпақтың зияткерлік әлеуетін арттыруға, ұлттық ғылыми мұраны жаңаша пайымдауға бағытталды. Осы маңызды бастамалардың бірі – Фараби орталығының ұйымдастыруымен өткен Әл-Фараби апталығы шеңберіндегі ғылыми байқау болды.

Әл-Фараби идеялары заманауи форматта



Аталған байқауға философия және саясаттану факультетінің Дінтану және мәдениеттану кафедрасының белсенді студенттері қатысып, факультеттің білім беру мен ғылыми жұмысты сабақтастыра жүргізудегі жоғары деңгейін тағы бір мәрте дәлелдеді. Әсіресе «Мәдениеттану» білім беру бағдарламасы бойынша білім алып жатқан I-курс студенттерінің бұл байқаудағы жетістігі факультеттің жас зерттеушілерді даярлаудағы жүйелі жұмысының нәтижесі екенін көрсетеді.

Байқау барысында Гүлназ Абдумуталиф, Аружан Өмірбек, Томирис Нарымби, Мәншүк Қазыбек «Фараби идеяларын заманауи тілмен көрсету» тақырыбында әзірлеген инфографикалық постерлері арқылы әл-Фарабидің философиялық ойларын қазіргі заманғы визуалды мәдениет

пен цифрлық коммуникация тіліне бейімдеп ұсынды.

Студенттердің жұмыстары мазмұндық тереңдігі, ғылыми нақтылығы және эстетикалық безендірілуімен ерекшеленіп, қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Нәтижесінде студенттер дарынды әрі қабілетті білім алушылар ретінде үздік деп танылды.

Жеңімпаздарға марапаттар Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректордың атынан табысталды. Үздік атанған білім алушылардың ғылыми жетекшісі – Жадыра Нұрғанатқызы.

Серғазы ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
Дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы

«Шапағат» – мейірім мекені

Жаңа жыл қарсаңында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетіне қарасты Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы Алматы қаласындағы КММ «Шапағат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының 3-бөліміне қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Бұл шараның мақсаты осы орталықтағы ерекше балаларға мерекелік көңіл күй, қуаныш, үміт сыйлау еді.

Акция барысында кафедра ұжымы орталықтағы 35 балаға жаңажылдық сыйлықтар табыстап, мекеме қызметкерлерімен өзара пікір алмасты. Факультет

деканы Алмас Бектанов балаларды келе жатқан Жаңа жылмен құттықтап, мүмкіндігі шектеулі балаларға көрсетіліп отырған қамқорлық пен жанашырлық үшін орталық қызметкерлеріне алғыс білдіріп, еңбектеріне табыс тіледі. Бұл күні балғындар бір сәтке болса да, көңілдері қуанышқа толып, мейірімді жандардың жүрек жылуын сезінді.

Жаны ерекше жаралған балаларға қуаныш сыйлау, олардың сөзбен жеткізе алмаса да, көз жанарымен білдірген шынайы сезімі мен риясыз күлкісін көру – жүрекке жылу сыйлайтын, ұмытылмас әсерге толы сәт болды. Хакім Абай атамyz «Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді» деген



дей, игі істердің қолдаушысы ерекше балаларға үміт оты мен қуаныш сыйлаған, аялы алақа-

нын тосып, жүрек жылуын ұсынып отырған ұжымды басқарып отырған орталық басшысы Үміт

Кенжебекова кафедра ұжымына, факультет деканы Алмас Әуелбекұлына алғыс білдірді.

Қазақ халқының заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: «Маңына ұрық шашпаған жақсылық жапанда жалғыз өскен бәйтерекше, тұл болады да қалады», – деген екен. Осы ретте баршамыз жақсылық жасау арқылы адамдарға, айналаға, табиғатқа қайырымдылық пен қамқорлық жасауға талпынарымыз анық. Осындай игі істеріміз көп болса екен.

Райхан ДҮЙСЕНБАЕВА,
Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының аға оқытушысы

Гүлбағиза МҰСАЕВА,
доцент

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:
• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
• Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.
Газетке жазылу индексі: 64787
Таралымы – 2000
Тапсырыс №91

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.